

ТЕХНОСФЕРА

Орындаған:Гульмурзаев Б

Мазмұны

I.Кіріспе

Техносферадағы тіршілік қауіпсіздігі.Өндіріс ортасының қолайсыз факторларының жіктелуі.

II.Негізгі бөлім

А) Техносфера ұғымы.

Ә) Техносфераның жағымсыз көрсеткіштері.

Б) Техносфера көлемі мен құрылымы.

В) Өндіріс факторлары.

Г) Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың жіктелуі.

Д) Өндірістік қажу,оның түрлері мен себептері.





Кіріспе

Техносферадағы тіршілік қауіптері. Өмір сүру ортасы адамға әр уақытта өзінің жағымсыз әсерін тигізіп келді. Бірақ, көптеген ғасырлар өте өмір сүру ортасы өзінің бейнесін біршама өзгерте бастады. Осыған орай жағымсыз әсерінің түрі мен деңгейі де өзгерді. XX ғасырдың аяғынан бастап жағдай нақты түрде өзгерді. Адамның белсенді әсер етуінің нәтижесінде онда елеулі өзгерістер болды. Жер бетінде биосфераның шамадан тыс ластанған аймақтары пайда болды. Биосфера өзінің мәнін жоғалтып, адам көп шоғырланған жерлері техносфераға өтті. Нәтижесінде ғаламшарда экожүйесі бұзылмаған территориялар аз қалды. Әсіресе дамыған елдердің экологиялық жүйесі көбірек бұзылуды (Еуропа, Солтүстік Америка, Жапония). Биосфера – атмосфераның төменгі қабатынан, гидросферадан және литосфераның жоғарғы қабатынан тұратын, техносфераның әсеріне шалдықпаған жердегі тіршіліктің орналасқан аймағы. Техносфера – адамның материалдық, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатына жету үшін техникалық құралдардың көмегімен тікелей немесе жанама әсерінен түрленген биосфера аймағы.



Техносфераның пайда болуы




Жер бетіндегі тұрғындар санының қарқынды түрде артуы және олардың урбанизациялануы;

Энергетикалық ресурстарды тұтынудың және шоғырының артуы; - өндірістік және ауылшаруашылық өнеркәсіптердің қарқынды дамуы; - транспорттық құралдарды жаппай қолдану;

Әскери бағыттағы шығындардың артуы және т.б

Қауіп дегеніміз – үрдістердің, объектілердің, заттардың және де олардың жекелеген қасиеттерінің белгілі-бір жағдайда адамның денсаулығына, қоршаған табиғи ортаға және әлеуметтік-экономикалық жүйеге, техникалық объектілерге тікелей немесе жанама жағымсыз әсері. Қауіптілік химиялық немесе биологиялық белсенді компоненттері бар жүйе және оның негізгі сипаттамалары адам тіршілігінің жағдайына сай келмейді. Қауіп – табиғи және антропогендік болып бөлінеді.

Табиғи қауіп – стихиялық құбылыстармен, климаттық жағдайлармен, жергілікті рельефпен шартталады. Адам өзінің материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету мәселелерін шешуде қоршаған табиғи ортаға техникалық құралдармен, өндірістік тастанды қалдықтармен т.б. өмір сүру ортасына **антропогендік қауіп** төндіруде. Техникалық құралдармен туындаған антропогендік қауіптерді **техногендік қауіптер** деп атайды. Қауіптің негізгі көздері келесілер: адам, объектілер (машина, станоктар, құралдар, ғимараттар, жер, жол, энергия т.б.), еңбек өнімдері – технологиялар, операциялар мен әрекеттер, табиғи-климаттық орта (жауын-шашын, су тасқыны, күннің белсенділігі және т.б.), флора мен фауна. **Ішкі қауіпке** – адамның жеке ерекшеліктерінің әлеуметтік және психологиялық сапасына кері әсері жатады. **Тәуекелділік** – қауіптілік кезіндегі адамның нақты іс-әрекеті.



Қауіптің түрлері



Табиғи - стихиялық құбылыстармен, климаттық жағдайлармен, жергілікті рельефтермен қауіптің шартталуы



Антропогендік - қоршаған табиғи ортаға адам өзінің техникалық құралдармен, өндірістік қалдықтармен және т.б жағдайда әсер етуі



Қауіп-қатер

Шыққан тегі бойынша:
табиғи;
техногендік;
- антропогендік;
- экологиялық;
;

Байқалу саласы бойынша:
өндірістік;
- тұрмыстық;
- спорттық;
- жол көліктік;
- т.б.

Әсер ету әдістері бойынша:
- физикалық;
- химиялық;
- механикалық;
- биологиялық;
- жүйке физиологиялық.

Салдары бойынша:
- ауру табу;
- жарақат алу;
- әлсіреу;
- өрт;
- т.б.

Жинақталған орны бойынша:
- литосфералық;
- гидросфералық;
- атмосфералық.

Әрекет сипаты бойынша:
- сылбырлық;
- белсенділік;
- т.б.

Зардап зияны бойынша:
- әлеуметтік;
- техникалық;
- экологиялық;
- т.б.

Уақыты бойынша:
- соқпалы;
- кумулятивті;
- т.б.

II. Негізгі бөлім

A) Техносфера ұғымы

*Техносфера (гр. *Techné* — өнер, шеберлік, *sphaira* — шар) — адамзаттың әлеуметтік-экономикалық қажетсінулеріне жақсы сәйкестендіру мақсатымен адамдардың техникалық құралдардың тікелей және жанама әсері арқылы өзгертілген биосфера бөлігі. Кейде бұл терминнің мынадай анықтамасы кездеседі: шаруашылық-өндірістік айналымдарды энергия ағыны мен заттектердің табиғи алмасуынан оқшаулау тұрғысында шаруашылық айналымына тартылатын табиғи ресурстарды пайдаланудың және қайта пайдаланудың іс жүзінде тұйық аймақтық галамдық келешек технологиялық жүйесі (Дедю, 1989).*



*транспорттық
авариялар, жарылыс пен
өрт, радиациялық авариялар*

***Техносферадағы ең
жоғарғы қауіп
төндіретіндер:***

*гидродинамикалық
апаттар, электроэнергетикалық
апаттар және т.б*



Ә) Техносфераның жағымсыз көрсеткіштері

Адамзат тарихындағы өркениеттің дамуы игіліктерді алу және тұтыну мақсатымен қоршаған материалдық әлемге әсер ету арқылы адам қолымен жасалған құрал-жабдықтарды жетілдіру бағытында жүзеге асырылды. Ғылым мен техника жетістіктерін, еңбектің техникалық жарақтануы, алдыңғы идеяларды жүзеге асыру мүмкіндіктерінің артуы және оларды тәжірибеге ендірумен байланысты өндірістің үздіксіз жетілуі ғылыми-техникалық жетістік деп аталады. Ол адам іс-әрекетінің барлық салаларын, соның ішінде қоршаған табиғи орта жағдайын елемей, табиғи ресурстарды игеру көлемінің артуын және технологияны жетілдіруді қамтиды. Ғылыми-техникалық жетістіктер антропоцентрлік мақсаттарға бейімделген, яғни халықтың артып отырған қажеттілікте рін қанағаттандыруға негізделеді. Осының барысында биосфераға бөтен заттардың ену құбылысы байқалды, нәтижесінде биосферадағы экологиялық тепе-теңдік бұзыла бастады. Адамның шаруашылық іс-әрекеті табиғи ортаға тұрақты әсер ететін факторға айналды, табиғатты өзгерте отырып, оның даму заңдылығына қарсы өзгерістерді туындатты. Қазіргі таңда, адамның барлық өндірістік іс-әрекеттерінің нақты анықтамасы техногенез деген атауға ие.




Б) Техносфера көлемі мен құрамы.

Әлемдік шаруашылықты адамның барлық іс әрекеттері жүзеге асырылатын экологиялық қоймасы ретінде қарастыруға болады. Көптеген кеңістік және ағымдық параметрлері бойынша, ол биосферамен сәйкес келгенімен, экологиялық сыйымдылығы шектеулі. Сондықтан планет арлық биота мен қоғамдық өндіріс, биосфера мен техногенді ортаның белсенді элементтері арасында бәсекелестік қатынастардың болуы мүмкін. Табиғаттағы тұраралық өзара қатынастарға қарағанда, бұл қатынастар күрделі, олардың көптеген белгілері биосфераны бәсекеден ығыстыру ретінде көрінеді. XX ғасырда адамзат планетаның ерекше материалдық энергетикалық қабатын құра отырып, техносфера шекарасын биосфера шегіне дейін кеңейтті, жақын және алыс ғарышты, Жердің терең қабатын, мұхит түбін, субмолекулярлы микроэлементтерді игерді. Ол биосфераның барлық қабатына еніп, толығымен қамтыды, әсіресе, құрлықта және планетаның үстіңгі қабатына ерекше көрініс береді.



В)Өндіріс факторлары

Өндіріс факторлары –өндіру (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) барысында дайдаланылатын негізгі компоненттер: еңбек, жер, табиғат ресурстары, капитал. Қазіргі заманғы экономикалық теория игіліктерді (тауарларды) өндіру (қызметтерді көрсету) үшін қажетті есурстарды топтарға – өндіріс факторларына бөледі. Олардың алғашқысы – еңбек факторы. Жер факторының (табиғи ресурстар) мағынасы кең (адамдардың келген жері ретінде кәсіпорындар алып отырған аумақ ретінде, пайдалы қазындылардын, су ресурстары мен басқа да ресурстардың көзі ретінде ұғынылады).





Капитал факторы дегеніміз заттық (нақты) капитал — ұзақ уақыт және сан қайтара пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдығы (шикізат, машиналар, жабдық, өндірістік ғимарат, т. Б.). Осы классикалық өндіріс факторларынан басқа қазіргі заманғы экономикалық теорияда кәсіпкерлік қабілет, ғылыми-техникалық прогресс және ақпарат та жиі бөліп көрсетіледі.



Г) Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың жіктелуі

Зиянды өндірістік (кәсіптік) факторлары – адамның іскерлігінің төмендеуіне, жедел және созылмалы уланулар мен сырқаттардың пайда болуына, жалпы сырқаттанушылығының өсуіне және алшақтық мерзімдерде басқа жағымсыз ауытқулардың тууына келтіретін еңбекті ұйымдастыру және оны орындау факторлары. Адамның кәсіптік ісі еңбек пен жұмыс орнын дұрыс ұйымдастырмау, мертігу қаупі, өндірістік ортаның физикалық, химиялық және биологиялық факторларының әсерлік жағдайларына жүруі мүмкін:



Д) Өндірістік қажу, оның түрлері мен себептері.

Еңбек процесінде жұмыс қабілеттілігінің төмендеуі алдымен дамиды өндірістік қажуға негізделген. Өндірістік қажу – жұмыс пен еңбек шартының әсер етуінен пайда болатын, адам организмінің функционалды мүмкіндік-терінің уақытша және қайтымды төмендеуі. Еңбек шарты тек ұйымдастыру-техникалық, санитарлы-гигиеналық және басқа да материалды-заттық шарттар ғана емес, сондай-ақ әлеуметті-психологиялық, алдымен ұжымдағы өзара қатынас, ондағы әлеуметті-психологиялық климат болып табылады. Қажу іс-әрекеттің тиімділігін төмендетуге әкеліп соғады, яғни бір жұмыс актісіне физиологиялық және психикалық өлшемдердің өсуі травматизм мен сәтсіз оқиғалардың пайда болуы өседі. Өндірістік қажу адамдағы шаршағандық сезімі ретінде сезіледі, оны аса ерекше психологиялық жағдайда бастан кешіп жүрген, қажудың биологиялық белгісі ретінде қарастыруға болады.



Қажу түрлерін еңбек қызметін қамтамасыз ететін сол немесе басқа жүйке жүйесінің звеноларында оның артықшылық-тарын оқшаулауға қатысты бөледі.

***Түйсіктік қажу** – ұзақ немесе қарқынды ызалану (қатты шуыл, нашар жарықтандыру) нәтижесінде сезім органдарының қажуы.*

***Перцептивті қажу** — белгілердің көру қиыншылығымен туындаған (белгінің аз қарқындылығы, үлкен кедергілер, ажыратудағы қиыншылықтар, мысалы, шуыл кедергілері бар кездегі нашар дыбыс белгілерін ұстау қажеттілігі).*

***Ақпараттық қажу** ақпарат немесе ақпараттың қайта жүктеуден туындайды, онда сыртқы ортаның бейнесін танудың дұрыс бейнесі жоғары қарқынды талап етеді.*

***Әсерлік қажу-** қозғалыс актілеріне жауап беретін орталық жүйке жүйелерінің кейбір бөліктеріне тән оқшаулану мен қарқынды физикалық іс-әрекетте туындаған.*

***Ақыл-ойлық қажу-** шығармашылық қызмет, өндірісті қызмет (ақпаратты қайта қалыптастыру, тандаулар, қорытын-дыны қалыптастыру), қарқынды қызметпен (қатаң ережелер бойынша ақпарат өңдеу, мысалы, шот) туындаған.*

Қажудың түрлері



*Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы
Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 314 Заңы. Қазақстан
Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңымен күші жойылды.*

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

*2-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНЫҢ
ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТ*

*3-тарау. ЗАҢДЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ*

*4-тарау. АВАРИЯЛАРДЫ, ИНЦИДЕНТТЕРДІ ЖОЮҒА ӘЗІРЛІКТІ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ*

*5-тарау. ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАДАҒАЛАУ*

*Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңдарының
бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес
жауаптылықта болады.*

Қазақстан Республикасының Президенті

*НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!*

